



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ

2-ТОМ ОРТА ҒАСЫР ФИЛОСОФИЯСЫ

Уильям Оккам Оксфорд
калькуляторлары және Джон Уиклиф





Мақсат – Орта ғасырдағы схоластикалық философияны, соның ішінде Уильям Оккамның, Оксфорд калькуляторларының және Джон Уиклифтің ілімдерін талдау.

Жоспар

Уильям Оккамның ілімі.
Оксфордтық калькуляторлар.
Джон Уиклиф.

Түйін сөздер

«Оккам ұстарасы», универсалиялар, табиғи белгілер, шартты белгілер, номинализм, реализм, концептуализм.

Уильям Оккам Сюррейде 1280 жылдардың аяғында дүниеге келген. Шамамен 1302 жылдары францискалықтардың орденіне мүше болды. Лондонда «Сұр бауырлармен» бірге бастапқы философиялық білім алған тәрізді. Сол онжылдықтың соңында дін ілімін зерделеу мақсатында Оксфордқа келді. Уильям Оккам Оксфордқа келгенде Скот ол жақтан кеткен еді. Оккам әріптес-францискалықтардың сынына ұшырады. Сонымен қатар, томист болған университет ректоры Томас Люттерелл де оған сенімсіздік танытқан соң, Оккам ақыр аяғында Оксфордтан кетуге мәжбүр болды. Докторантураға да түспеді. Лондонда философия пәнінің мұғалімі болды. Сондай-ақ, өзінің оксфордтық дәрістерін жазып, логика бойынша жүйелі оқулық құрастырды. Аристотельдің логикалық және физикалық еңбектеріне бірқатар пікірлер, жазмыш пен болашақ контингенттер туралы маңызды трактат жазды. Кеннидің айтуы бойынша, ол ешқашан айтпаған, бірақ осы арқылы көбісі оны есте сақтап қалған әйгілі «Болмысты шамадан тыс арттырудың қажеті жоқ» деген қағида қалған, бұл «Оккам ұстарасы» деп те аталады.

Оккам өз еңбектерінде Скоттың логика мен метафизикаға қатысты идеяларын кейде дамытып, кейде қарсы пікір білдіре отырып бірқатар ұстанымдар қалыптастырған. Оның ойлары Скоттың пікіріне қарағанда анағұрлым жатық тілмен жеткізілген, – дейді Кенни. Скот сияқты, ол да «болмысты» Құдай мен жаратылысқа теңдей қолданылатын бір мәнді термин ретінде қабылдаған. Алайда ол жаратылыс түрлерінің санын біраз қысқартты. Аристотельдің он категориясын екіге, яғни заттар мен сапаға дейін азайтты. Оккам мен Скоттың арасындағы қарама-қайшылықтар универсалиялар табиғатына қатысты туындаған. Ол барлық пендеге тән ортақ табиғат болады деген пікірді теріске шығарды. Санадан тыс ешқандай универсалиялар болмайды, дүниедегінің бәрі жалғыз. Универсалиялар – зат емес, белгілер, соның ішінде көптеген заттардың қарапайым белгілері.

Оккамның айтуынша, белгінің екі түрі бар: табиғи белгілер және шартты белгілер. Табиғи белгілер дегеніміз – біздің санамыздағы ойлар, ал шартты белгілер – осы ойларды жеткізу үшін айтатын сөздеріміз. Біздің санамыздағы тұжырымдамалар барлық адамдарға ортақ, әртүрлі сөйлеу тілдерінің жүйесін түзеді. Оккамның осы универсалиядан бас тартуын көбіне «номинализм» деп атайды. Бірақ оның жалғыз шынайы универсалиялар деп санайтын атаулары – тек ауызекі және жазбаша атаулар ғана емес, біздің менталды тіліміздің де ішкі атаулары. Тиісінше, біз Оккамның ілімін қарсыластарының реализмінен ажыратқанда оны номиналист емес, концептуалист деп атағанымыз орынды болар еді.

Оккам Скот көрсеткен интуитивті және абстрактілі білім арасындағы айырмашылықтармен келісті; интуитивті білімнің арқасында ғана фактінің орын алу-алмауын анықтай аламыз. Дегенмен, Оккам Скоттың еңбектерінің астарындағы теорияларды айқындап берді. Оккамның айтуынша, қазіргі кезде құдіреті шексіз Құдайдың екінші дәрежелі себептер арқылы жасаған дүниелерін өзі де жасай алады. Әдетте Құдай менің көз алдыма ақ қабырғаны келтіріп, қабырғаның ақ екенін аңғартады. Бірақ, ол мұны сезіміме әсер ету арқылы жасаса, онда мені ақ емес қабырғаның ақ екеніне де сендіре алады. Бұл тезисі Скот эпистемологиясының арнасын кеңейтіп, скептицизмге жол салғаны сөзсіз.

Оккамның осы және басқа да көзқарастары оның францискалық бауырларының алаңдаушылықтарын тудырып, 1323 жылы оның аристотельдік категориялар жөніндегі ілімін провинциялық басшылыққа түсіндіріп беруін өтінді. Бір жылдан кейін Оксфордтан құпия хабар жеткен соң Оккам «Сентенцияның» дінбұзарлық мәнін тексеру үшін жиналған



Авиньедегі папалық сотқа шақырылды. Негізінен, томистерден құралған, құрамына Оксфорд университетінің бұрынғы ректоры Луттерелл енген комиссия көптеген айлар бойы жұмыс істеп, алайда оған қарсы нақты айып таба алмады. Дегенмен Авиньенде болу Оккамның философиялық еңбек жолына жаңа бетбұрыс әкелді. Сол уақыттағы Папа XXII Иоанн кедейлікке қатысты екі мәселе бойынша францискалық орденмен қақтығысқа түскен. Ол мәселелер: «Христос пен оның апостолдары нағыз кедейлікте өмір сүрді ме?» деген тарихи мәселе және «Францискалық орден қандай да бір меншікке заңды иелік ете ала ма?» деген практикалық мәселеге байланысты туындаған еді. Әулие Франциск нағыз кедейлікте өмір сүрді: монахтардың иелігінде ешқандай меншігі болмауы, қолдарына ешқашан ақша тимеуі және тамаққа, киімге және панаға келгенде қайырымдылыққа тәуелді болмауы керек еді. Орденнің генерал-реформаторы Әулие Бонавентура иелік ету (доминиум) мен пайдаланудың (юзус) арасындағы айырмашылықтарды анықтаған. Францискалықтар жекелей де, діни ұйым ретінде де өз меншіктерін қолдана алды, бірақ оларға иелік ете алмады. 1279 жылы Папа III Николай францискалық ұйымдағы монахтарды дүние-мүлікке иелік ету құқынан айырып, оны шіркеулік папа кеңесінің меншігіне өткізді.

1322 жылдың соңында XXII Иоанн, иелік ету мен қолдану арасындағы айырмашылықты ойдан шығарылған түсінік деп сынап, бұл келісімнен бас тартты. Келесі жылы ол Иса мен Апостол өз өмірінде барлық меншіктен бас тартқан деген францискалық ілімді теріске шығарды. Сол кезеңде Авиньенде францискалық ұйымның басшысы болған Чезеналық Мишель және Уильям Оккам Папа нұсқауларын адамгершілікке жат, ақылға сыймайтын және күпіршіл деп көпшілік алдында айыптайды. Оккам мен Мишель Авиньеннен қашуға мәжбүр болды. Өйткені Папа оларды дінсіздер деп айыптаған еді. Олар кезінде Баварияның императоры ретінде сайлануына қарсы болғаны үшін, XXII Иоанның жауы болған Людвигті паналау үшін Мюнхенге бет алды.

Людвиг, Папаны күпірші ретінде айыптауға себеп ретінде оның францискалықтармен болған дауын пайдаланды. 1328 жылы Римге басып кірді. Өзі император ретінде таққа отырып, Иоанның суретін өртеп, Антипапа болды. Римде Людвигке бірге Париж университетінің бұрынғы ректоры, тағы бір философиялық одақтасы Падуялық Марсилиус де келіп қосылды. Марсилиус Оккам сияқты Людвигтің қол астынан пана табуға мәжбүр болған еді. Өйткені ол тек XXII Иоанды ғана емес, сонымен бірге Папа институтында сынап кітап жазған еді.

1324 жылы жазылған «Әлем қорғаушысы», еңбегі саяси философияның классикалық мәтініне айналды. Ол зайырлы өкіметтің істеріне шіркеудің араласуларының күшін жою керек екенін баяндаудан басталады. Италиядағы қозғалыстар, жемқорлық және соғыс – Папаның тәкаппарлығы мен кеудемсоқтығының нәтижесі. Шығарма мазмұнындағы осындай жеке мәселелер шіркеуге қарсы жалпы ұстанымға айналды.

Мемлекет – бұл «кемел» қоғам, яғни жоғары және толыққанды қоғам. Биліктің екі түрі бар: басқарушының бағынушылардың келісімімен басқаруы немесе олардың еркіне қарсы басқару. Мұның біріншісі – заңды, ал екіншісі – зұлымдықтың нысаны. Мемлекет азаматтардың қол күшін пайдаланады. Заңнаманың нақты міндеті – мемлекеттен мемлекетке жүйелі шектеулер қоя алатын нақты органды және мекемені бекіту. Ханзада – мемлекет басшысының орындаушысы. Ал азаматтардың оның қағидаларына келісуі оны сайлау барысында нақты айқындалады. Бірақ келісімді заңды басқаруға арналған басқа да жүйелер бар. Лайық емес немесе құзыреті жоқ ханзада заң органы арқылы лауазымнан шеттетілуі қажет.

Марсилиидің кітабы жұртшылыққа қатты ықпал етті. Папа тарапынан бірде бір жазушы осындай философиялық талғампаздықпен оған тайталаса алмады. Кітап Лютеран реформациясы басталғанға дейін католиктерден бастап тіпті, күпіршілерге де зор ықпал етті. 1330 жылдары Оккам саяси трактаттарының сериясы күпіршілерге де ықпал еткен ең алғашқы философтардың бірі болды. Бұл еңбектер, әрине, айтарлықтай жүйелі емес. Сонымен қатар, «Әлем қорғаушысы» шығармасына қарағанда радикалдығы аз еді. Осы сипаттағы Оккамның ең алғашқы еңбегі «Тоқсан күндік жұмыс» деп аталады. Ол 1322 жылдары асығыс жазылған ұзақ трактат. Одан кейін «Францискалықтарға хат» және шіркеу мен мемлекет арасындағы өзара қатынастар туралы бірқатар «Диалогтер» жазды. Оккамның францискалықтардың кедейлігі туралы философиялық ұстанымының өзегі – табиғи құқық теориясы. Ол құқықтың екі түрін ажыратады: оған заңды түрде бас тарта алатын (мысалы, жеке меншік құқығы)



және ажырамас бөліктері болатын құқық (мысалы, жеке өмір сүру құқығы) жатады. Жәннат бақшасында жеке меншік деген түсінік болмаған. Жеке меншіктің өзі бұрыс саналмайды, бірақ Иоанн Папаның пікірін ескере отырып, оны пайдаланудан бас тарту керек деп айтады. Иесі өз қонақтарына өз үстеліндегі тағам мен сусыннан дәм татуға рұқсат бергенімен, қонақтарға осы заттарға иелік етуге мүмкіндік бермейді. Францискалықтардың өмірлік қажеттіліктерді тұтыну құқығы бар, бірақ бұл олардың қандай да бір меншікке иелік етуіне тетік бола алмайды. Өйткені бұл ешбір заң арқылы шешілмейтін моральдық құқық.

Марсилийдің үкімет туралы тұжырымдамасы сол уақыттағы италиялық қала-мемлекеттер жағдайында қалыптасқан болатын. Оккамның тұжырымдамасы Қасиетті Рим империясының құрылымына үлкен әсер қалдырды. Оның сөзі бойынша, император билікке Папа келісімі арқылы емес, империялық сайлаушылар алқасының шешімі арқылы қол жеткізеді. Өз басқарушысын таңдау – адамдардың табиғи құқығының бірі. Бұл құқық мұрагерлік монархияны құру жолымен іске асырылуы мүмкін; мұрагер монархтың таққа келуі соған сай басқару жүйесіне байланысты, ал ол өз билігін асыра пайдаланса, адамдардың оны орнынан алып тастауға құқықтары бар. Оккам XXII Иоанн Папамен сөзге келіп қалса да, Марсилийге қарағанда шіркеулік институтқа аса наразылығы болмады. Оның айтуынша, іс жүзінде олар өздері зұлымдық жасамады, өйткені папаларға Құдайдың берген басымдығы бар. Алайда оларды абсолюттік монархтар емес, конституциялық билік түрінде қарастыру қажет. Олар жергілікті сайлаушылардан тұратын барлық бұқаралық жиынға есеп береді.

Оккам өз заманындағы папалық билікпен ешқашан ымыраға келмеді. 1331 жылы XXII Иоанн әмбебаптылықты күпірлік деп санаған доктринаны насихаттай бастады. Оның доктринасы Құдайға сыйынып өткендердің рухтары «Қатал соттан кейін өз денелерімен бірікпейінше, Құдаймен көріспейді» деп қорытындыланған. Бұл, әрине, оның францискалық қарсыластарына жаңа серпін берді. Ал Папа осы идеясынан 1334 жылы ғана бас тартуға мәжбүр болды. Жаңадан сайланған Папа XII Бенедикт, тақуалардың рухтары өлімнен кейін немесе мақшарда болған кездерінде Құдаймен жүзбе-жүз кездесетінін белгілеген. Бірақ Бенедикт францискалықтардың таққан айыптарының күшін жоя алмады. Оккам 1349 жылғы оба індеті кезінде, Шіркеу тыйымы әлі де болса күшінде болған кезде Мюнхенде қайтыс болды.

Классикалық орта ғасырларда Париж бен Оксфорд университеттері ең беделді университеттер болды. XIII ғасырда Париж университеті ең беделді оқу орны болғанына күмән жоқ. Ал Оксфордтың атағы XIV ғасырда жайыла бастады. Ғылыми даудың маңызды қыры – Оккамның осы университеттердегі беделінің жоғары болу мәселесіне тіреледі. Әрине, Оксфордта оккамдықтардың мектебі болды десек артық айтқан болар едік. Екінші жағынан, Париж ойшылдардың бірқатары Оккамның еңбектерінде көтерілген мәселелерді зерттеп, дамыта түсті. Мысалы, аугустиндік монах Риминилик Грегори, 1340 жылдары Парижде сабақ бергенде, Оккамның натурфилософиясын мойындады. 1328–1340 жылдары Сорбоннаның ректоры, гуманитарлық ғылымдар факультетінің оқытушысы болған Жан Буридан Оккамның номинализмін жақтады. Бірақ ол, Оккаммен салыстырғанда, прогресс дүниені ғылыми зерттеу арқылы туындайды дегенге көбірек сенетін еді. Оккам сияқты, Буридан да көп сөйлемейтін ғалымдар ретінде аты шыққан, – деп айтады Кенни. Жұрттың айтуы бойынша ерік еркіндігіне ұқсас жағдаятты талдау барысында, «Егер есек екі жағындағы көлемі бірдей екі бау шөптің жақсысын таңдағысы келсе, олардың біреуін де жей алмас еді» дегенді айтқан дейді. Бұдан шешім қабылдай алмауды сипаттайтын «Буридандық есек» деген қанатты сөз қалыптасты.

Оккамның эпистемологиясы тағы екі француз ойшылы – Цистериандық Жан Мирекур мен зайырлы каноншы Отрекурлық Николайға ықпал етті. Олар 1340 жылдары Парижде дәріс оқыды, сондай-ақ радикалды пікірлері үшін академияның және шіркеудің наразылығын тудырды. 1347 жылы Жан еңбектерінің қырық бір пропозициясын Сорбонна канцлері сынаса, Николайдың елуден астам тезистері шіркеулік легатта сыналды. Жан өз еңбектерін кешірім сұрау арқылы қорғаса, Николай өз сенімдерінен бас тартып, қызмет жолын жалғастырды.

Жан Мирекурдың эпистемологиясының негізі Оккамның келісім теориясынан алынған. Келісім абсолютті немесе қателік жасаудан күмәнданғаннан болады. Басты ақиқаттың логикасы ең жоғарғы дәлелдерге сүйенеді. Сонымен бірге дүниенің тәжірибесіне сүйенген табиғи дәлелдер де болады. Табиғи дәлелдер, «өзіңнің бар екеніңді өзіңе қарсы келмей, көрсете алмауың» сияқты жағдайдан басқа кездерде абсолютті сенім арқылы дәлелдене алмайды.



Басқа бар нәрсенің мәні туралы да осындай сенімге жету мүмкін емес. Құдайдың бар екенін де толық сеніммен дәлелдеу мүмкін емес, себебі оның бар екенін көрсете алатын фактілер туралы аргументтерді тек табиғи дәлелдер арқылы ғана білуге болады. Оларды былай қойғанда, егер менен басқа ештеңе болмаған болса, Құдайдың өзі нақты, яғни реалды дүниенің бар екенін ғажайыптай көрсетер еді.

Отрекурлық Николай скептицизмді бұрынғыдан да өткен радикалды форма арқылы қалыптастырды. Егер біз зердеміз арқылы топшылай білуді «заттың бар немесе жоқ екеніне қарамастан» айтатын болсақ, ол туралы сеземіз деп те, оны ақиқат деп те ешқашан айта алмаймыз. Біз бес түрлі сезіміміз негізінде объектінің бар екеніне көз жеткізе алмаймыз. Алайда Николай бұл тұжырымын: «Жұрт Аристотельді оқуға және оған түсіндірмелер беруге көңіл аударудың орнына, нақтылы заттарға назар аударса, қысқа уақыт ішінде біршама ақиқатқа көз жеткізер еді», – деген скептицизм танытады.

XIV ғасырдың екінші ширегінде физика тарихына оксфордтық философтар мектебі айтарлықтай ықпал етті. Баллиола және Мертон колледждерінің кеңес мүшесі, кейіннен III Эдуардтың рухани әкесі болған және соңғы еңбек жылдарында Кентербери епископы қызметін атқарған Томас Брэдвардин (1295–1349) мектептің алғашқы мүшесі еді. Уильям Гейтсбери және Ричард Суайнсхед те Брэдвардин сияқты мектептің басқа мүшелері Мертон колледжінің кеңес мүшелері болған. Сондықтан бұл топтың мүшелерін мертондықтар деп те атаған. Олар философиялық және теологиялық есептерді математикалық әдістермен шешудің жолдарын ойлап тапқан. Суайнсхедтің жазған Liber Calculationum трактатының негізінде оларды «Оксфорд калькуляторлары» деп те атаған.

Брэдвардин 1328 жылы «Қозғалыстардағы жылдамдық пропорциялары туралы» еңбегін жариялады. Онда ол күштің, кедергінің және жылдамдықтың қозғалыспен өзара байланысы туралы теорияны түсіндіру үшін коэффициент теориясын дамытты. Бұл теория Оксфорд университетінде бірден қолдау тауып, Аристотельдің қозғалыс заңының орнына қолданылды. Ал Париж университетінде коэффициент теориясын Орезмдік Николай дамыта бастады. Басқа да калькуляторлар натурфилософия саласында маңызы зор еңбектер жазды. Алайда олар математикалық дарындарын физикалық зерттеулерден гөрі, логикалық және теологиялық мәселелерді шешуге арнады. Физика саласындағы зерттеулердің көбі логикалық жұмбақтардың шешімдерін табу барысында пайда болды. Бұл логикалық жұмбақтар логиканы зерттейтін студенттерге арналған мәселелер ретінде құрастырылған, мазмұны екі мағыналы немесе парадоксты пропозициялар еді. Логикалық жұмбақтардың ерекше топтамасын шамамен 1328 жылы Мертон колледжіне қатысы жоқ Ричард Килвингтон ойлап тапты. Ол Дарем епископы және лорд-канцлер Ричард Бери ұйымдастырған зерттеу тобының құрамына енген калькуляторлардың бірі еді.

Ренессанс дәуірінде софизмдер сынға ұшырағанымен, XX ғасырда қайтадан кең тарала бастады. Франция республика болған кезде Бертран Рассел «Франция королі – таз» деген тұжырымның ақиқат екенін талдай бастады. Бұл сөйлем ақиқат не жалған болудан бұрын, дұрыс құрылмаған деп айту – орынды сын. Өйткені, Франция – республика және қазір онда патшалық билік жоқ. Оның зерттеулері логикалық талдауда өте ықпалды дескрипция теориясына әкелді.

Калькуляторлардың басшысы Томас Брэдвардин беделді теолог еді. Ол XIV ғасырдағы Аугустин ілімін қайта жандандырған Оксфордтағы тағы бір ағымның жетекші өкілі болды. Әрине, орта ғасырда көрсетілген құрмет пен еңбектеріне сілтеме жасалу жағынан Аугустиннің беделі Аристотельден кем болған жоқ. Бірақ Брэдвардин және оның ирландиялық замандасы Ричард Фицральф (1333 жылғы Оксфорд канцлері және кейіннен Арма архиепископы) сияқты неоаугустиншілер Аугустин еңбектерінің тарихи астарына тереңірек үңіліп, оның пелагиандықтарға қарсы жазылған кейінгі еңбектерін зерттей бастады. Брэдвардин аса көлемді De Causa Dei еңбегіндегі Құдай көрегендігіне, жағдаяттық мәселелерге және адам еркіндігіне байланысты мәселелерді Аугустин көзқарасына сүйене отырып талдады.

Джон Уиклиф (1330–1384) – Аугустин ілімінің қайта өрлеу кезеңінің ең әйгілі тұлғасы, оккамдықтардың номинализміне қарсы реалистік реакцияның жетекшісі болды. Ол XIV ғасырдың орта шенінде университеттің ең беделді өкіліне айналды. Ол 1350 жылдары Оксфордқа бет алды. Уиклиф анда-санда мемлекеттік, кейде дипломатиялық істермен айналысып, арасында парламентке өз сараптамаларын ұсынғанымен, өмірін, негізінен, оқытушылық,



уағыздаушылық және шығармашылық жұмыстарға арнады, – деп жазады Кенни. Оның еңбектерінде ортағасырлық теологияның барлық мәселелері қамтылған.

Уиклифтің ерекше жаңалығы үстемдік және меншік туралы теорияға негізделген коммунизм туралы ұсынысы болатын. Ол: «Бір жағынан, күнәһар адам меншік иесі бола алмайды. Егер әділетті иелік ете алатын болсаң ғана, заңды түрде меншік иесі бола аласың; алайда бірде-бір күнәһар ешбір дүниені әділетті басқара алмайды. Өйткені оның бүкіл ісі – күнәһарлық. Екінші жағынан, егер сіз қайырымды болсаңыз, Құдайдың сүйікті ұлы ретінде Құдай патшалығының мұрагері боласыз. Ал әрбір христиан Құдай ізгілігіне сай барлық дүниенің иесі болса, ол өз иелігін басқалармен және басқа христиандардың барлығымен бөлісуі керек», – дейді.

Уиклифтің үстемдік туралы жазбалары радикалды болғанымен, оның билікке қатысты мәселелерге ешқашан да араласпағаны таңырқатады. Зайырлы билік оның пікірлерін діни қызметкерлерге салық салу үшін пайдаланса да, қарапайым халық үшін қолданбады. Ал 1379 жылы ол мәндестіру доктринасын сынға алып «Інжілдегі сия мен қағаз қандай дәрежеде Құдай сөзі болса, мессада таратылған нан мен шарап соншалықты дәрежеде Исаның тәні мен қаны бола алады», – деді. Ол провинциялық шіркеу жиынында айыпталып, Оксфордтан қуылды.

Уиклиф дүниеден өткеннен кейін оның беделі арта түсті, тіпті көзі тірісіндегі беделінен де жоғары болды. Одан кейінгі онжылдықтарда оның ағылшын ізбасарлары, лоллардистер, Інжілдің халықтық нұсқасын оның атынан таратты. Пікірталас туғызған мәселенің бірі – Уиклифтің Інжілдің дәл сол аудармасына қаншалықты қатысты екенінде. Алайда Інжіл арқылы оның атағы қайта дүркіреді. Өз елінен тыс жерлерде оның ілімін Богемияда Ян Густың ізбасарлары жалғастырды. 1415 жылы Констанцта өткен кеңесте христиан дінінің бөлінуі тоқтатылғанда, Ресми шіркеу Густы еретик деп айыптап, отқа өртеді. Уиклифтің 260 пропозициясын соттап, оның мүрдесін қабірден қазып алып, отқа жақты.

Уиклифті протестанттық агиографтар лоллардистік Інжілге қатысы болғаны үшін және мәндестіру доктринасы мен шіркеуді сынағаны үшін «Реформацияның таңғы жұлдызы» деп атады. Алайда оның еңбектерін кейінгі кездері зерттеп түсінген философтар, оны өзіне дейінгі екі ұлы ізашарынан кейінгі дарынды ойшыл ретінде схоластиканың «ақшам жұлдызы» санады.

Сонымен, біз Энтони Кеннидің «Орта ғасыр философиясы» еңбегінде көрсетілген Уильям Оккамның, Оксфорд калькуляторлары және Джон Уиклифтің ілімдерін қарастырдық. Келесі дәрісімізді кітаптың екінші тарауының соңғы баптарына арнаймыз.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Атақты «Оккам ұстарасының» мағынасы?
2. Дунс Скот пен Уильям Оккам ілімінің айырмашылығы мен ұқсастықтары?
3. Оккам универсалиялардың тіршілік етуін не себепті теріске шығарады?
4. Оккамның шынайы универсалияларды терістеуі неге «номинализм» деп аталады?
5. Падуяндық Марсилийдің саяси философияға қосқан үлесі?
6. «Буридан есегі» сөзінің мағынасы?
7. Жан Мирекур мен Отрекурлық Николай Оккамның ілімін қалай дамытты?
8. Оксфордтық калькуляторлар ілімінің ерекшеліктері неде?
9. Джон Уиклифті не себепті Реформацияның таңғы жұлдызы деп атап кетті?

Әдебиет

1. Anthony Kenny. Medieval Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 2. – Oxford University Press. – 2014. – 352 p.
2. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2 том, Орта ғасыр философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 400 б.
3. Рассел Б. История западной философии. В двух книгах. Книга 1. – М.: Миф, 1993. – 512 с.